




Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Сайын Мұратбеков (1936–2007) — қазақтың көрнекті жазушысы, аудармашы, қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан қаламгер.
Ол 1936 жылы 15 қазанда Алматы облысы Қапал ауданының Қоңыр ауылында дүниеге келген. Жазушының шығармашылығы қазақ прозасындағы адам жанының нәзік иірімдерін, ауыл өмірінің шынайы көріністерін және адамгершілік құндылықтарды терең бейнелеуімен ерекшеленеді. Сайын Мұратбеков өз шығармаларында қарапайым ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігін, еңбекқорлығын, арман-мақсатын, қуанышы мен қайғысын шебер суреттеген. Оның туындыларына балалық шақтың қызықты сәттері, соғыс жылдарындағы ауыл өмірі, достық, адалдық, мейірімділік, туған жерге деген сүйіспеншілік және адам бойындағы ізгі қасиеттер арқау болған. Жазушы кейіпкерлерінің ішкі сезімдерін, жан дүниесін қарапайым әрі әсерлі тілмен жеткізіп, оқырманды адамды құрметтеуге, жақсылық жасауға және өмірдің қадірін түсінуге үндейді.




Сайын Мұратбеков. Жабайы алма: повесть.
Алматы: «Атамұра» . 2002.-400 б.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ауылының тұрмысы, балалардың ауыр тағдыры, адамгершілік пен мейірім.
Негізгі идеясы: қиындыққа мойымау, адалдықты сақтау, жақсылық пен жамандықты ажырата білу, адамдық қасиетті жоғалтпау.
Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма» повесі – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ауылының ауыр тұрмысын, тылдағы халықтың қайсарлығын және соғыс салдарынан балалық шағы мұңға айналған балалардың өмірін шынайы бейнелейтін көркем шығарма. Повесте соғыс кезіндегі жоқшылық, аштық, жетімдік, әйелдер мен балалардың маңдай терімен атқарған еңбегі, ауыл адамдарының өзара қарым-қатынасы кеңінен суреттеледі.
Шығарманың оқиғалары балалық шақ естеліктерімен сабақтасып, оқырманды сол бір қиын кезеңнің тыныс-тіршілігіне жетелейді.



Сайын Мұратбеков — «Шығармалар жинағы. 2-том»
2006 жылғы «Өлке» басылымы — 240 бет.

2013 жылғы басылымның екінші томында жазушының кейінгі қазақ ауылының өмірі, елдің тұрмыстық жағдайы, балалардың тағдыры және сол кезеңдегі әлеуметтік қиындықтар суреттеледі. Жазушы балалық шақ естеліктері арқылы қоғам өмірін, адам мінезін және отбасылық қарым-қатынасты ашады.
Соғыстан кейінгі қазақ ауылының тыныс-тіршілігі.
Балалық шақ пен естеліктер.
Отбасы, туыстық қарым-қатынас және адамгершілік.
Ауыл адамдарының мінезі мен тағдыры.
Қиындыққа төзімділік пен өмірге деген үміт.
Сайын Мұратбеков шығармалары оқырманды туған жерді қадірлеуге, отбасы мен жақын адамдардың бағасын түсінуге, қарапайым ауыл тіршілігі арқылы адам бойындағы мейірімділік, адалдық және төзімділік қасиеттерін көрсетеді.




Сайын Мұратбеков.«Ескек жел»
Қазақ көркем әдебиеті · Әңгімелер жинағы
Басылымы: «Qasym баспа үйі, 2020.-214 б.
Жанры: әңгімелер, психологиялық проза
Оқырман жасы: жасөспірімдер мен ересектерге арналған.

«Ескек жел» — Сайын Мұратбековтің әртүрлі тақырыптағы әңгімелері топтастырылған жинағы. Жазушы ауыл адамдарының күнделікті өмірін, олардың сезімдерін, қарым-қатынасын, өмірлік таңдауларын және адам жанының нәзік иірімдерін шынайы бейнелейді. Кітапта балалық шақ, жастық кезең, сағыныш, махаббат пен адамгершілік мәселелері көрініс табады.




Мұратбеков С. М . Жабайы алма: Повесть
Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 400 б.

Қазақ әдебиетіне өткен ғасырдың 60-шы жылдары келген Сайын Мұратбеков шығармашылығы адам – қоғам – таным үштігін паш етуге күш салады. Адам баласының бұла шағы – балалықтың алтын елестерін оқырманның көз алдына әкеледі. Соғыстан кейінгі елдің басындағы хал-ахуалды суреттейтін «Жабайы алма» қалың оқырманға арналған.



Басында Үшқараның. Сайын. Мұратбеков.
Алматы : «Қазақстан» , 2010. – 480 б.

Сайын Мұратбековтің «Басында Үшқараның...» шығармасы – туған жерге деген сағыныш, балалық шақтың естелігі, адам тағдыры мен ауыл өмірін суреттейтін көркем туынды. Шығармада бас кейіпкер Әсеттің араға жылдар салып туған ауылына оралуы арқылы өткен өмірге көз жүгіртуі, жастық шақты аңсауы және ауыл адамдарының қарым-қатынасы бейнеленеді. Автор кейіпкерлердің ішкі сезімдері мен психологиялық толғаныстарын шебер жеткізеді.



Мұратбеков, С. Шығармалары: бес томдық. 3-том:
Повестер, әңгімелер, очерк / С. Мұратбеков; құраст. Қ. Мұратбекова. – Алматы: «Ан Арыс» , 2013. – 320 б.

Сайын Мұратбеков шығармаларының басты ерекшелігі – қарапайым ауыл адамдарының өмірін, олардың күнделікті тіршілігін, ішкі сезімдерін, арман-тілектерін шынайы суреттеуі. Автор кейіпкерлерінің жан дүниесін терең ашып, адамгершілік, мейірімділік, адалдық, достық, туған жерге деген сүйіспеншілік және өмірдің қиындықтарына төтеп беру мәселелерін көтереді. Үшінші том жазушының шығармашылық мұрасын тереңірек танып, қазақ прозасының көркемдік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Кітап әдебиет зерттеушілеріне, студенттерге, оқушыларға, кітапханашыларға және қазақ әдебиетіне қызығатын жалпы оқырман қауымға арналған.



Сайын.Мұратбеков. Көкорай.Повестер
Алматы: «Жазушы» баспасы, 1967. – 172

«Көкорай» повесінде сол кезеңдегі ауыл өмірі, жастардың мінезқұлқы,еңбекке араласуы, махаббаты мен үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамдары баяндалады.Шығарма кейіпкерлері қатарында колхоздағы бастауыш комсомол ұйымыныңхатшысы Жанай, сауыншы қыз Бақыт және тракторист Моторбай бар. Автор олардың күнделікті тіршілігі мен еңбегі арқылы жас ұрпақтың өмірге көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін және қоғамдық ортадағы орнын көрсетеді.
Жазушының тілі жатық, баяндауы шынайы әрі тартымды. Повесте де адам тағдыры, еңбек, туған жерге сүйіспеншілік, төзімділік пен үміт тақырыптары көрініс табады. Кітап оқырманды адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа және өмірдің қиындықтарын жеңе білуге тәрбиелейді.




Муратбеков, Саин. Запах полыни: повести и рассказы
С. Муратбеков; перевод с казахского. — Алма-Ата: «Жалын» , 1984. — 560 с.

В сборник повестей и рассказов «Запах полыни» вошли произведения, хорошо известные сегодняшнему читателю. Идейная убеждённость, моральная чистота, трудолюбие, оптимизм — вот те прекрасные качества, которыми наделены герои произведений Сайына Муратбекова.



Муратбеков, Саин. У тёплого родника: рассказы
Саин Муратбеков; перевод с казахского. — Алма-Ата: «Жалын» , 1980. — 334 с.

Саин Муратбеков — известный казахский писатель, автор повестей и рассказов, посвящённых современной жизни, судьбам простых людей, их духовному миру и нравственным ценностям.
В сборник «У тёплого родника» вошли избранные рассказы писателя, героями которых являются представители сельской интеллигенции, чабаны и школьники. Через повседневную жизнь людей автор раскрывает особенности национального характера, показывает значение труда, доброты, честности, взаимопомощи и уважения к окружающим.
Произведения С. Муратбекова отличаются реалистичностью, простотой и выразительностью языка, вниманием к внутреннему миру человека и искренним изображением жизни казахского аула. Автор с теплотой описывает родную землю, традиции народа, человеческие отношения и нравственные качества, которые помогают человеку преодолевать жизненные трудности.



МУРАТБЕКОВ, С. У тёплого родника: рассказы, повесть
С. Муратбеков; перевод с казахского. — Москва:
«Советский писатель» , 1987. — 512 с

Повесть и рассказы С. Муратбекова, включённые в книгу «У тёплого родника», посвящены героике военного и послевоенного времени. Действие происходит в отдалённых степных аулах. Женщины, старики, подростки, проводив на фронт кормильцев, все силы отдают для победы над врагом.

Назарларыңызға рақмет!



Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясы | 2026

Республика Казахстан
г. Алматы, Панфилова 127
8 (727) 272 94 84
8777 231 9747

E-mail: library@kaznai.kz

г. Алматы, Абиша Кекилбайулы, 133
8 701 667 7750

https://kaznai.kz/ru/lib/

@KAZNAI_LIBRARY